# «Қазатомөнеркәсіп»
# ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының

## 2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігі (аудиттелмеген)

## *Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолу тексеру бойынша есеп*

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ Басшылары, Директорлар Кеңесі мен Акционеріне

### *Кіріспе*

Біз «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ және оның еншілес компанияларының берілген 2016 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептемеге және белгіленген күнде аяқталған алты ай аралығына тиісті қысқартылған аралық шоғырландырылған пайда немесе залал және жиынтық табыс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражаттың жылжуы туралы есептемелерге, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктеме ақпараттардың қысқаша түрінен құралған ескертулеріне шолу тексеру жүргіздік. Басшылық осы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікті *«Аралық қаржылық есептілігі»* атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дайындалған және көрсетілгені үшін жауапты. Біз қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілігінің қорытындысы бізбен жүргізілген шолу тексеру негізінде берілгеніне жауап береміз.

### *Шолу тексеруінің көлемі*

Біз шолу тексеруді 2410 «Компанияның тәуелсіз аудитор жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолу тексеруі» Халықаралық шолу тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратының шолу тексеруі лауазымды адамдардан сауалнама алу негізінде шектелген, соның ішінде, қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарына жауапты адамдардан жауап алуымен және талдамалы мен өзге де рәсімдерімен шектеледі. Шолу тексеруінің көлемі Халықаралық аудит стандартарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолу тексеру бізге аудит үстінде айқындалатын барлық маңызды аспектілер белгілі болғанына сенімшілік алуға жағдай туғызбайды. Демек біз аудиторлық пікір бермейміз.

### *Қорытынды*

Өткізілген шолу тексерудің нәтижесінде қоса тіркелген қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігі барлық елеулі аспекттерінде, «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына сәйкес дайындалмағанын көрсететін ештеңе біздің назарымызды аудартпады.

PricewaterhouseCoopers LLP

2016 жылғы 8 тамыз
Алматы, Қазақстан

*«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС, Әл-Фараби 34, ғимарат А, 4 қабат, A25D5F6 Алматы, Қазақстан*
*Т: +7 (727) 330 3200, Ф: +7 (727) 244 6868, www.pwc.kz*

**Мазмұны**

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОЛЫП ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК


Пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеме....... 1
Қаржы жағдайы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеме .......... 2
Ақша қаражаттың жылжуы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеме .......... 3
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеме .......... 4


ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР


1. Жалпы ережелер .......... 5
2. Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі принциптері .......... 5
3. Есептік саясаттың негізгі ережелері .......... 6
4. Байланысты тараптармен есеп айырысу мен операциялар .......... 9
5. Түсім .......... 11
6. Өткізілген өнімнің өзіндік құны .......... 11
7. Өткізу бойынша шығыстар .......... 11
8. Жалпы және әкімшілік шығыстар .......... 12
9. Активтердің құнсыздануы .......... 12
10. Өзге кірістер .......... 13
11. Өзге шығыстар .......... 14
12. Қаржылық кірістер мен қаржылық шығыстар .......... 14
13. Қызметкерлер еңбегіне төлемдер .......... 14
14. Табыс салығы бойынша шығыстар .......... 15
15. Негізгі құралдар .......... 16
16. Өндіріске дайындалу бойынша шығындар .......... 17
17. Жер қойнауын пайдалану құқығы .......... 17
18. Барлау және бағалау активтері .......... 18
19. Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар .......... 18
20. Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар .......... 19
21. Байланысты тараптарға берілген қарыздар .......... 21
22. Қысқа мерзімдік дебиторлық берешек .......... 21
23. Қорлар .......... 22
24. Ақша қаражаттары және олардың баламалары .......... 22
25. Өзге активтер .......... 22
26. Капитал .......... 23
27. Кредиттер мен қарыздар .......... 23
28. Кредиторлық берешек .......... 24
29. Резервтер .......... 24
30. Өзге міндеттемелер .......... 25
31. Шарттық және келісімшарттық міндеттемелер .......... 25
32. Қаржы құралдарының әділ құны .......... 27
33. Негізгі еншілес кәсіпорындар .......... 28

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**
**2016 жылдың 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша пайда немесе шығыншығын және жиынтық табыс туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп**

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | Ескерту | 2016 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы, (аудиттелмеген) | 2015 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы, (аудиттелмеген) |
|---|---|---|---|
| Түсім | 5 | 192,524 | 141,732 |
| Өткізілген өнімнің өзіндік құны | 6 | (123,333) | (114,467) |
| **Жалпы табыс** | | **69,191** | **27,265** |
| Өткізу бойынша шығыстар | 7 | (3,536) | (1,663) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 8 | (14,003) | (10,412) |
| Активтердің құнсыздануы | 9 | (12,661) | (3,957) |
| Еншілес компанияның шығуынан түскен табыс | | 330 | - |
| Бағам айырмашылығы бойынша таза табыс (таза шығын) | | 3,227 | (677) |
| Өзге кірістер | 10 | 857 | 571 |
| Өзге шығыстар | 11 | (3,691) | (1,201) |
| Қаржылық кірістер | 12 | 3,362 | 1,811 |
| Қаржылық шығыстар | 12 | (4,976) | (3,977) |
| Қауымдастырылған кәсіпорындардың қорытындысынан үлес | 19 | 16,792 | 10,905 |
| Бірлескен кәсіпорындардың қорытындысынан үлес | 20 | 19,984 | 6,515 |
| **Салық салынғанға дейінгі табыс** | | **74,876** | **25,180** |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 14 | (13,603) | (2,252) |
| **КЕЗЕҢДЕГІ ПАЙДА** | | **61,273** | **22,928** |
| **Өзге жиынтық табыс** | | | |
| *Кейіннен пайдаға немесе шығыншығынға қайта жіктелуі мүмкін баптар* | | | |
| Шетелдік қызметті аударудан болған бағам айырмашылығы | | (180) | 557 |
| Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялардың өзге де жиынтық табысындағы (шығыншығындағы) үлес | | (31) | 104 |
| **Кезеңдегі өзге жиынтық (шығын)/табыс** | | **(211)** | **661** |
| **КЕЗЕҢДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС** | | **61,062** | **23,589** |
| **Мыналарға жататын кезеңдегі табыс:** | | | |
| - Компанияның меншіктеріне | | 59,465 | 22,891 |
| - Бақыланбайтын үлеске | | 1,808 | 37 |
| **Кезеңдегі пайда** | | **61,273** | **22,928** |
| **Мыналарға жататын кезеңдегі жалпы жиынтық табыс:** | | | |
| - Компанияның меншіктеріне | | 59,275 | 23,552 |
| - Бақыланбайтын үлеске | | 1,787 | 37 |
| **Кезеңдегі жалпы жиынтық табыс** | | **61,062** | **23,589** |
| Қарапайым акцияның базалық және көбейтілген пайдасы (акцияға теңгемен) | | 1,621 | 624 |

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2016 жылғы 8 тамызда бекітті:

М.Б. Юсупов
Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

З.Ғ. Қалиева
бас бухгалтер

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**
**2015 жылдың 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп**

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | Ескерту | 2016 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген) | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Материалдық емес активтер | | 7,061 | 7,173 |
| Негізгі құралдар | 15 | 121,169 | 130,411 |
| Өндіріске дайындалу бойынша шығындар | 16 | 38,463 | 38,578 |
| Жер қойнауын пайдалану құқығы | 17 | 1,972 | 2,067 |
| Барлау және бағалау активтері | 18 | 9,346 | 8,538 |
| Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар | 19 | 87,480 | 121,938 |
| Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар | 20 | 46,853 | 43,519 |
| Өзге инвестициялар | | 67,041 | 67,041 |
| Дебиторлық берешек | | 232 | 36 |
| Кейінге қалдырылған салықтық активтер | | 2,686 | 1,829 |
| Жедел депозиттер | | 2,893 | 3,182 |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар | 21 | 33,497 | 32,344 |
| Өзге активтер | 25 | 18,754 | 19,627 |
| | | **437,447** | **476,283** |
| **Қысқа мерзімді активтер** | | | |
| Дебиторлық берешек | 22 | 45,542 | 107,512 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | 1,361 | 2,427 |
| Өтеуге арналған ҚҚС | | 19,740 | 28,528 |
| Қорлар | 23 | 110,781 | 99,692 |
| Жедел депозиттер | | 39,281 | 9,020 |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар | 21 | 1,224 | 1,224 |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 24 | 85,287 | 55,869 |
| Өзге активтер | 25 | 45,262 | 12,557 |
| | | **348,478** | **316,829** |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | | 126 | 164 |
| | | **348,604** | **316,993** |
| **ЖАЛПЫ АКТИВТЕР** | | **786,051** | **793,276** |
| **КАПИТАЛ** | | | |
| Акционерлік капитал | 26 | 36,692 | 36,692 |
| Қосымша төленген капитал | | 4,785 | 4,785 |
| Бағамдық айырмашылықтың басқа валютадан қайта есептесу кезіндегі резерві | | 18,660 | 18,819 |
| Бөлінбеген пайда | | 446,394 | 398,991 |
| Компания меншіктеріне жататын капитал | | 506,531 | 459,287 |
| Иеліктің бақыланбайтын үлесі | | 11,490 | 10,118 |
| **ЖАЛПЫ КАПИТАЛ** | | **518,021** | **469,405** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Кредиттер мен қарыздар | 27 | 99,592 | 119,776 |
| Кредиторлық берешек | 28 | 588 | 585 |
| Резервтер | 29 | 17,371 | 17,183 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | | 4,487 | 4,509 |
| Қызметкерлерге сыйақы | | 2,044 | 2,045 |
| Өзге міндеттемелер | 30 | 5,592 | 6,141 |
| | | **129,674** | **150,239** |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Кредиттер мен қарыздар | 27 | 48,281 | 52,845 |
| Кредиторлық берешек | 28 | 64,133 | 101,622 |
| Резервтер | 29 | 52 | 101 |
| Өзге салықтар және міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер | | 4,931 | 5,027 |
| Қызметкерлерге сыйақы | | 174 | 213 |
| Табыс салығы бойынша міндеттемелер | | 7,701 | 1,036 |
| Өзге міндеттемелер | 30 | 13,084 | 12,788 |
| | | **138,356** | **173,632** |
| **ЖАЛПЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | **268,030** | **323,871** |
| **ЖАЛПЫ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | **786,051** | **793,276** |

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2016 жылғы 8 тамызда бекітті:

М.Б. Юсупов., Экономика және қаржы жөніндегі басдиректор — З.Ғ. Қалиева, бас бухгалтер

Қоса берілген ескертулер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**
**2015 жылдың 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп**

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | **2016 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы, (аудиттелмеген)** | **2015 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы, (аудиттелмеген)** |
|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** | | |
| Сатып алушылардан түскен ақша қаражаттарының түсімдері | 267,375 | 155,601 |
| Бюджеттен ҚҚС қайтарылуы | 18,338 | 19,896 |
| Алынған сыйақылар | 1,296 | 626 |
| Жеткізушілерге төлемдер | (185,717) | (157,329) |
| Қызметкерлерге төлемдер | (18,630) | (17,735) |
| **Операциялардан түскен ақша қаражаттары** | **82,662** | **1,059** |
| Төленген табыс салығы | (8,396) | (1,599) |
| Төленген сыйақы | (2,567) | (3,553) |
| **Операциялық қызметтен түскен/(қызметте пайдаланылған) ақша қаражаттарының ағымы** | **71,699** | **(4,093)** |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | (2,338) | (4,188) |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың істен шығып кетуінен түскен түсімдер | 29 | 17 |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | (39) | (122) |
| Өндіріске дайындау бойынша шығындарды сатып алу | (4,220) | (4,257) |
| Барлау және бағалау активтерін сатып алу | (1,741) | (127) |
| Жедел салымдарды жайғастыру | (38,569) | (1,382) |
| Жедел салымдарды өтеу | 8,377 | 2,314 |
| Қауымдастырылған кәсіпорындардан, бірлескен кәсіпорындардан және өзге инвестициялардан алынған дивидендтер | 37,124 | 14,079 |
| Қауымдастырылған кәсіпорындардағы, бірлескен кәсіпорындардағы инвестицияларды сатудан түскен түсімдер | 58 | - |
| Бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына төлем | (1,174) | - |
| Өзге | (210) | (1,036) |
| **Инвестициялық қызметтен түскен/(қызметте пайдаланылған) ақша қаражаттарының ағымы** | **(2,703)** | **5,298** |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** | | |
| Кредиттер мен қарыздардан түскен түсімдер | 1,810 | 133,253 |
| Кредиттер мен қарыздарды өтеу | (27,764) | (46,190) |
| Қаржылық лизинг бойынша төлемдер | (3) | - |
| Облигацияларды өтеу | - | (93,434) |
| Иегер компанияның акционерлеріне дивидендтерді төлеу | (12,031) | - |
| Бақыланбайтын иелік үлесіне төленген дивидендтер | (85) | (4) |
| Акционерге төленген өзге төлемдер | (650) | - |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражаттарының ағымы** | **(38,723)** | **(6,375)** |
| **Ақша қаражаттардың және оның эквиваленттерінің таза азайтуы** | **30,273** | **(5,170)** |
| Кезең басындағы ақша қаражаттар және оның эквиваленттері | 55,869 | 29,432 |
| Валюта бағамдары өзгеруінің ақша қаражаттарына және оның баламаларына әсері | (855) | 350 |
| **Кезең аяғындағы ақша қаражаттары жане оның баламалары** | **85,287** | **24,612** |

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2016 жылғы 8 тамызда бекітті:

М.Б.Юсупов
Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

З.Ғ. Қалиева
бас есепші

Қоса берілген ескертулер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**
**2016 жылдың 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеме**

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | Компанияның меншік иесіне тиесілі | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Акционерлік капитал** | **Бағамдық айырмашылықтың басқа валютадан қайта есеп айырысу кезіндегі резерві** | **Бөлініп берілмеген пайда** | **Қосымша төленген капитал** | **Жиыны** | **Иеліктің бақыланбайтын үлесі** | **Капитал жиыны** |
| **2015 жылғы 1 қаңтардағы қалдық** | **36,692** | **1,558** | **363,590** | **4,785** | **406,625** | **12,128** | **418,753** |
| Кезеңдегі пайда | - | - | 22,891 | - | 22,891 | 37 | 22,928 |
| Шетелдік қызметті аударудан болған бағамдық айырмашылық | - | 557 | - | - | 557 | - | 557 |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін кәсіпорындардың өзге жиынтық табысындағы үлесі | - | - | 104 | - | 104 | - | 104 |
| **Кезеңдегі жалпы жиынтық табыс (аудиттелмеген)** | **-** | **557** | **22,995** | **-** | **23,552** | **37** | **23,589** |
| Жарияланған дивидендтер | - | - | (2,323) | - | (2,323) | (65) | (2,388) |
| **2015 жылғы 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)** | **36,692** | **2,115** | **384,262** | **4,785** | **427,854** | **12,100** | **439,954** |
| **2016 жылғы 1 қаңтардағы қалдық** | **36,692** | **18,819** | **398,991** | **4,785** | **459,287** | **10,118** | **469,405** |
| Кезеңдегі пайда | - | - | 59,465 | - | 59,465 | 1,808 | 61,273 |
| Шетелдік қызметті аударудан болған бағамдық айырмашылық | - | (159) | - | - | (159) | (21) | (180) |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін кәсіпорындардың өзге жиынтық табысындағы үлесі | - | - | (31) | - | (31) | - | (31) |
| **Кезеңдегі жалпы жиынтық табыс (аудиттелмеген)** | **-** | **(159)** | **59,434** | **-** | **59,275** | **1,787** | **61,062** |
| Жарияланған дивидендтер | - | - | (12,031) | - | (12,031) | (415) | (12,446) |
| **2016 жылғы 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)** | **36,692** | **18,660** | **446,394** | **4,785** | **506,531** | **11,490** | **518,021** |

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2016 жылғы 8 тамызда бекітті:

М.Б.Юсупов.
Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Қалиева З.Ғ.
бас есепші

Қоса берілген ескертулер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 1. Жалпы ережелер

***Құрылымдық бөлімшелер және қызметі***

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған каржылық есептілік «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес кәсіпорындарына (бірлесіп – «Топ» немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ») 2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың, «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына сәйкес дайындалған.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған акционерлік қоғам болып табылады. «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 14 шілдедегі №3593 Жарғысына және «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 22 шілдедегі №1148 Қаулысына сәйкес жарғылық капиталына жүз пайыз мемлекеттің қатысуымен жабық акционерлік қоғам нысанында құрылды. Қазіргі кезде Компания акцияларының 100% «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ) арқылы мемлекетке тиесілі. Компания мына мекен-жай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 10. Негізгі қызметінің орны ретінде Қазақстан Республикасы болып табылады.

Топ қызметінің негізгі түрлері уранды өндіру және уран өнімін сату болып табылады. Топ әлемдегі жетекші уран өндіруші компаниялар қатарына кіреді. Бұдан басқа, Топ сирек және сирекжер металдарын өндіру, бериллий мен тантал өнімін шығару, ғылымды көп қажетсінетін технологияларды әзірлеу, энергия ресурстарын жеткізу және жаңғыртылған энергия көздерін дамыту қызметтерін жүзеге асырып жатыр.

Топтың өнімі Қазақстан Республикасында өткізіледі және одан тыс жерге экспортталады.

***Операциялық орта***

Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарыққа тән кейбір сипаттамалық ерекшеліктерді білдіреді. Ол әсіресе минералдық ресурстар бағасының өзгеруіне өте сезімтал. Қазақстан Республикасының салық, валюталық және кедендік заңнамалары дамуын жалғастыруда және түрлі талқыланулар қолданылады.

Қаржы нарықтарында, әсіресе Еуропа мен Ресей Федерациясында сақталып отырған белгісіздік, құбылмалылық және өзге де тәуекелдер қазақстандық қаржы және корпоративтік секторларға теріс ықпалын тигізуі мүмкін. Басшылар ағымдағы экономикалық жағдайды және оның болашағын ескере отырып, Топтың ұзақ мерзімді активтерінің құнсыздануына бағалау болжамын жүргізді. Болашақ экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық орта басшылардың қазіргі күтуінен айрықша болуы мүмкін.

***Топ құрылымының өзгерістері***

2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай аралығында Топтың құрылымында елеулі өзгерістер болған жоқ (33 Ескерту).

## 2. Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі принциптері

***Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігі***

2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың аталған қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілік *«Аралық қаржылық есептілігі»* атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына сәйкес дайындалған.

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиттелмеген және оған жылдық қаржылық есептілікте ашылуға міндетті ақпараттың барлығы кірмейді. Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған, 2015 жылғы аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты елеулі түрде қайталанатын ақпаратты Топ айқындаған емес (мысалы, есеп саясаты принциптерін және сомалары бойынша немесе құрамы бойынша елеулі өзгерістерге ұшырамаған баптар туралы егжей-тегжей мәліметтер). Соған қоса, Топ, ХҚЕС сәйкес дайындалған, 2015 жылғы жылдық есептілікті шығарғаннан кейінгі елеулі жағдайларға байланысты ақпаратты айқындады.

Егер де қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС сәйкес дайындалған 2015 жылғы жылдық есептілікпен бірге қарастырса, онда басшылар осы есептіліктегі айқындау жеткілікті ақпаратты көрсетеді деген пікірде. Басшылар пікірі бойынша, аралық есептілік кезеңдегі қаржылық жағдайды, қызметтің нәтижесін, Топтың өз капиталындағы және өзгерістер туралы және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті дұрыс ұсыну үшін қажетті барлық түзетулер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген.

## 2. Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі принциптері (жалғасы)

***Есептілік саясатын қолдану кезінде пайдаланған елеулі рұқсаттар, және бағалаудағы негізгі белгісіздіктердің көздері***

Аралық қаржылық есептілікті дайындау басшылардан есеп саясатын қолданылуына және активтер сомасын, міндеттемелерді, табыс пен шығыстарды мойындауға әсер ететін, пікірлерінің қалыптастырылуын және есептік бағалаудың пайдалануын талап етеді. Нақты қорытындылардың пайдаланған есептік бағалаудан айырмашылығы болуы мүмкін.

Басшылардың есептілік саясатын қолдануға қатысты елеулі пікірлері және аталған қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған бағалаулардағы негізгі белгісіздіктердің көздері Топтың ХҚЕС сәйкес дайындалған 2015 ж. жылдық есептілігіндегі ұқсас көздері мен пікірлерге сәйкес келеді.

## 3. Есептік саясаттың негізгі ережелері

***Есеп ережелері***

Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрастырудағы қолданылған есеп ережелері 2015 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша құрастырылған жылдық қаржылық есептіліктегі қолданылған ережелеріне сәйкес.

***Айырбас бағамдары***

Осы бағамдар Топтың шетелдік валютада көрсетілген сомаларды аударуда қолданылды:

| | 2016 ж. 30 маусым | 2015 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Есептілік күніндегі валюта бағамы – теңге** | | |
| АҚШ 1 доллары | 338.66 | 339.47 |

| | 2016 ж. 30 маусым | 2015 ж. 30 маусым |
|---|---|---|
| **Алты айдағы валютаның орташа бағамы - теңге** | | |
| АҚШ 1 доллары | 345.31 | 185.25 |

***Маусымдық***

Компания қызметі маусымдық ауытқудан тәуелді емес.

***Табыс салығы***

Аралық кезеңдегі табыс салығы бойынша шығыстар бүкіл қаржы жылы үшін күтілетін табыс салығының есептік орташа қолданыстағы мөлшерлемесінде негізделеді.

***Жаңа стандарттар мен түсініктемелер***

Жаңа және өзгертілген түсініктемелер олардың күшіне енген күнінен кейін шығарылған алғашқы аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылуы керек. Топ үшін 2016 ж. 1 қантардан бастап күшіне енген жаңа стандарттар мен түсінулер:

*ХҚЕС (IFRS) 14 «Реттелмелі тарифтер бойынша жүзеге асатын қызмет бойынша кейінге қалдырылған төлемдер» (2014 жылдың қаңтарында шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарданемесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді). ХҚЕС (IFRS) 14* ХҚЕС бойынша алғаш рет қаржылық есептілік жасайтын мекемелерге ХҚЕС өту кезінде реттелмелі тарифтер бойынша жүзеге асатын қызметке жататын сомаларды алдыңғы БЕЖЕ талаптарына сәйкес мойындауға рұқсат береді. Алайда ХҚЕС қолданатын, бірақ ондай сомаларды мойындамайтын мекемелермен сәлыстыру деңгейін көтеру үшін стандарт тарифті реттеудің әсері басқа баптардан бөлек көрсетілуін талап етеді.

## 3. Есептік саясаттың негізгі принциптері (жалғасы)

«Бірлескен операциялардағы қатысу үлестерін сатып алу бойынша мәмілелер есебі». – ХҚЕС (IFRS) 11 Түзетулер (2014ж. 6 мамырында шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді). Бұл түзету бизнес ретіндегі бірлескен операциялардағы қатысу үлестерін сатып алу бойынша мәмілелер есептеріне қатысты жаңа басшылықты енгізеді.

«Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар және материалдық емес активтердің амортизациясын қолайлы есептеу тәсілдерінің түсініктемесі» - ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 Түзетулер (2014 жылдың 12 мамырында шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді). Бұл түзетуде ХҚЕСҰ активтердің амортизациясын есептеу үшін табысқа негізделген тәсілдерді қолдану жарамсыз екенін түсіндіреді, өйткені әдетте активті пайдалануды көздейтін қызметтен түскен табыс осы активпен байланысты экономикалық пайданы тұтынудан бөлек факторларды есепке алады

Ауыл шаруашылығы: ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 41 – «Ауыл шаруашылығы: жеміс салатын өсімдіктер» Түзетулер (2014 жылдың 30 маусымында шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді). Бұл түзетулер жеміс салатын өсімдіктер, жүзім шоқтары, каучук талдары және майлы пальма есебіне тәсілдімені өзгертеді, енді олар Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар сияқты есепteліну керек, өйткені бұларға қатысты операциялар мәні бойынша өндіріс процессіне ұқсас. Тиісінше, түзетулер мұндай өсімдіктерді ХҚЕС (IAS) 41 орынына ХҚЕС (IAS) 16 қолдану саласына қосады. Жеміс салатын өсімдіктерде пісетін өнім ХҚЕС (IAS) 41 қолдану саласында қалады.

«Үлестік қатысу әдісін жеке қаржылық есепте қолдану» - ХҚЕС (IAS) 27 Түзетулер (2014 жылдың 12 мамырында шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді). Бұл түзетулер мекемелерге Үлестік қатысу әдісін еншілес, біріккен және қауымдастырылған мекемелерге инвестицияларды есептеу үшін жеке қаржылық есептемеде қолдануды рұқсат етеді.

«Қауымдастырылған және біріккен мекемеге инвестордың активтерді жарнаға қүюы немесе сатуы» - ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IFRS) 28 Түзетулер (2014 жылдың 11 қыркүйекте шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді). Бұл түзетулер ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IFRS) 28 талаптарының арасындағы қауымдастырылған және біріккен мекемеге инвестордың активтерді жарнаға құюы немесе сатуына қатысты сәйкес келмеуліктерді жояды. Түзетулерді қолданудың негізгі салдары мәміле бизнеске қатысты болса табыстың немесе шығынның толық көлемде мойындалуында. Егер активтер өзімен бизнесті көздемесе, еншілес мекеменің еншілігіндегі актив болған жағдайда да табыстың немесе шығынның тек бөлігі ғана мойындалады.

Жыл сайынғы Халықаралық қаржылық есептеу стандарттарының жетілдірулері. 2014ж. (2014 жылдың 25 қыркүйегінде шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді). Түзетулер төрт стандартқа әсерін береді. ХҚЕС (IFRS) 5 түзету мақсаты – шығарылу тәсілін өзгерту («сатуға арналған» санатынан «үлестірімге арналған» санатына немесе керісінше) сату және үлестіру жоспарының өзгертілуі болып табылмайды және есепте осы жоспардың өзгертілуі ретінде көрсетілмеу керек. ХҚЕС (IFRS) 7 түзетуінде ХҚЕС (IFRS) 7 талаптарына сәйкес ақпаратты ашу мақсатында өткізілген қаржылық активті тұтыну бойынша келісімнің талаптары жалғасатын қатысудың бар екендігін білдіретінін белгілеуге басшылыққа көмектесетін қосымша нұсқаулар бар. Бұдан басқа, түзетуде аралық қаржылық есептемеге сәйкес ХҚЕС (IFRS) 7 көрсетілген өзара есепке алуды өткізу туралы ақпаратты ашуға қатысты талаптар болмайтыны түсіндіріледі, ХҚЕС (IAS) 34 сәйкес талап етілген жағдайлардан басқа жерде. ХҚЕС (IAS) 19 түзетуде еңбек қызметінің аяқталуымен сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерге сәйкес дисконттау мөлшерлемеге, жоғары сапалы корпоративтік облигацияларының дамыған нарығының барына (терең нарық) қатысты шешімдер, немесе қандай мемлекеттік облигацияларды бағдар ретінде пайдалану керек туралы шешімдер осы міндеттемелер пайда болған мемлекеттің валютасында емес, міндеттемелердің көрсетілген валютасында негізделінулері керек. ХҚЕС (IAS) 34 «аралық қаржылық есептеменің басқа бағандарындағы орнына» айқыш сілтеме болу керектігі жөнінде талап енгізілген.

«Ақпаратты ашу» - ХҚЕС (IAS) 1 Түзетулер (2014 жылдың желтоқсанында шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді). Стандартқа маңыздылық түсінігін дәлдейтін және маңызды емес болған жағдайда, егер де ондай ашып көрсетулер халықаралық қаржылық есептеменің белгілі стандартының талаптар тізіміне қосылған болса да немесе ашып көрсету керектігі ең төмен болса да ХҚЕС талап ететін мекемеге ақпаратты ашып көрсету керек еместігін түсіндіретін өзгертулер енгізілді. Стандартқа қаржылық есептемеде аралық қорытынды сомаларды көрсету бойынша жаңа нұсқау енгізілген, бұған сәйкес аралық қорытынды сомалар (а) мойындау мен бағалау ХҚЕС сәйкес іске асырылатын баптарды қамту керек; (б) аралық қорытынды сомалардың компоненттерінің түсініктілігі қамтылатындай белгіленіп көрсетілу керек; (в) кезеңнен кезеңге жүйелі болу керек; және (г) оларды көрсетуде ХҚЕС талап ететін аралық қорытынды сомаларды көрсетуге қарағанда көбірек екпін жасалмайтындай болып көрсетілуі керек.

## 3. Есептік саясаттың негізгі принциптері (жалғасы)

«Инвестициялық компаниялар үшін шоғырлану талаптарынан бірыңғай жағдайды қолдану» - ХҚЕС (IFRS) 10, ХҚЕС (IFRS) 12 и ХҚЕС (IAS) 28 (2014 жылдың тамызында шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді). Бұл түзетулер инвестициялық компания өзінің инвестициялық компания болатын еншілес мекемелеріне құйған инвестицияларын табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалауға міндетті екенін түсіндіреді. Бұдан бөлек, шоғырландырылған қаржылық есептеме жасау туралы талаптан ерекшелік бар, егер де көрсетілген мекеменің түпкі немесе түптұлға мекемесі ашық қолдануға жетімді шоғырландырылған қаржылық есептеме жасайтын болса, бұл ерекшелік еншілес мекеме шоғырлануға қосылған ба немесе көрсетілген түпкі немесе кез келген түптұлға мекеменің шоғырландырылған қаржылық есептемесінде ХҚЕС (IFRS) 10 сәйкес табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланған ба қолданылатыны туралы түсініктемемен толықтырылған.

Жаңа немесе өзгертілген ХҚЕС арасында Топқа, оның қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептемедегі көрсеткіштерді ұсынуына және операциялар мен қалдықтардың бағалануына елеулі әсер беретіндері жоқ.

Жаңа стандарттардың, стандартарға енгізілген өзгерістер мен түсініктемелердің бір қатары 2016 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша күшіне енгізілген жоқ. Берілген өзгертілген стандарттардың талаптары осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептемені дайындауда ескерілген жоқ. Топ осы стандарттарды қолдануды олар күшіне енгізілген кезден бастап қолдануды жоспарлап отыр.

Топ келесі жаңа және қайта қарастырылып шығарылған, бірақ күшіне енгізілмеген ХҚЕС қолданған жоқ:

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы инструменттері: сыныптама және бағалау» (2014 жылдың шілдесінде шығарылған және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді).

- ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша табыс» (2014 жылдың 28 мамырында шығарылған және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді).

- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалға беру» (2016 жылдың қаңтарында шығарылған және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді).

- «Өткізілмеген шығындар бойынша кейінге қалдырылған салық активтерін мойындау» - ХҚЕС (IAS) 12 Түзетулер (2016 жылдың қаңтарында шығарылған және 2017 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді).

- «Ақпаратты ашып көрсету саласындағы бастама» - ХҚЕС (IAS) 7 Түзетулер (2016 жылдың 29 қаңтарында шығарылған және 2017 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді).

## 4. Байланысты тараптармен есеп айырысу мен операциялар

Байланысты тараптарға «Самұрық-Қазына» АҚ бақылауындағы кәсіпорындар кіреді. Өзге мемлекеттік кәсіпорындармен жасалатын операциялар ашылмайды, егер де олар барлық қоғамдық және жеке компанияларға өз кезегімен қолданылатын шарттарға сәйкес қарапайым қызмет барысында жүзеге асырылса: і) егер де олар жеке маңызды болып табылмаса; іі) Топтың қызметтері барлық тұтынушыларға қол жетімді стандартты шартпен ұсынылатын болса, немесе ііі) электр энергия, телекоммуникациялық және т.б. қызметтерді тапсыру жөніндегі қызметтер сияқты қызметтерді жеткізушімен таңдап алу мүмкіндікі болмаған кезде.

Байланысты тараптармен 2016 жылғы 30 маусымдағы операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | **Дебиторлық берешек және өзге активтер (Ескер. 22, 25)** | **Алуға арналған дивидендтер (Ескер. 25)** | **Берілген қарыздар (Ескер. 21)** | **Кредиторлық берешек және өзге міндет-темелер (Ескер. 28, 30)** |
|---|---|---|---|---|
| Қауымдастырылған кәсіпорындар | 4,822 | 32,693 | 18,701 | 34,009 |
| Бірлескен кәсіпорындар | 3,571 | 7,226 | 2,435 | 10,889 |
| Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар | 285 | - | - | 8,243 |
| Өзгелер | 286 | - | 13,585 | 42 |
| **Жиыны** | **8,964** | **39,919** | **34,721** | **53,183** |

Байланысты тараптармен 2016 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңдегі операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары төменде көрсетілген:

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | **Тауарлар мен қызметтер-ді сату** | **Алынған дивиденд-тер (Ескер. 19, 20)** | **Тауарлар мен қызметтер-ді сатып алу** | **Акционерге дивиденд-тер** | **Пайыздық кіріс** | **Пайыздық шығыс** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қауымдастырылған кәсіпорындар | 7,018 | 47,943 | 34,771 | - | 619 | 54 |
| Бірлескен кәсіпорындар | 6,814 | 21,066 | 15,621 | - | 194 | - |
| Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар | 9,424 | - | 22,082 | - | - | - |
| Акционер | - | - | - | 12,031 | - | - |
| Өзгелер | 807 | - | 5 | - | 450 | - |
| **Жиыны** | **24,063** | **69,009** | **72,479** | **12,031** | **1,263** | **54** |

## 4. Байланысты тараптармен есеп айырысу мен операциялар (жалғасы)

Байланысты тараптармен 2015 жылғы 31 желтоқсандағы операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | **Дебиторлық берешек және өзге активтер (Ескер. 22, 25)** | **Алуға арналған дивидендтер (Ескер. 25)** | **Берілген қарыздар (Ескер. 21)** | **Кредиторлық берешек және өзге міндеттемелер (Ескер. 28, 30)** |
|---|---|---|---|---|
| Қауымдастырылған кәсіпорындар | 4,428 | 6,257 | 18,033 | 38,868 |
| Бірлескен кәсіпорындар | 1,251 | 2,512 | 2,435 | 26,516 |
| Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар | 602 | - | - | 8,487 |
| Өзгелер | 186 | - | 13,100 | 2,100 |
| **Жиыны** | **6,467** | **8,769** | **33,568** | **75,971** |

Байланысты тараптармен 2015 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңдегі операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары төменде көрсетілген:

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | **Тауарлар мен қызметтерді сату** | **Алынған дивидендтер (Ескер. 19, 20)** | **Тауарлар мен қызметтерді сатып алу** | **Акционерге дивидендтер** | **Пайыздық кіріс** | **Пайыздық шығыс** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қауымдастырылған кәсіпорындар | 10,553 | 17,547 | 25,567 | - | 633 | 47 |
| Бірлескен кәсіпорындар | 6,963 | 7,267 | 20,893 | - | 333 | - |
| Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар | 9,261 | - | 18,880 | - | - | - |
| Акционер | - | - | - | 2,323 | - | - |
| Өзгелер | 679 | - | 1 | - | 392 | - |
| **Жиыны** | **27,456** | **24,814** | **65,341** | **2,323** | **1,358** | **47** |

Аға басқарушы қызметкерлерге сыйақы беру туралы деректер төменде кестеде келтірілген:

| | **2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)** | | **2015 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)** | |
|---|---|---|---|---|
| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | **Шығыстар** | **Міндеттеме** | **Шығыстар** | **Міндеттеме** |
| *Қысқа мерзімді төлемдер* | | | | |
| Жалақы мен сыйақылар | 457 | 80 | 746 | 67 |
| **Жиыны** | **457** | **80** | **746** | **67** |

## 5. Түсім

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) | 2015 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Уран өнімін сатудан түскен кіріс | 130,714 | 90,246 |
| Энергия ресурстарын сатудан түскен кіріс | 28,547 | 23,580 |
| Тетілдерді бұрғылаудан түскен кіріс | 9,272 | 5,227 |
| Тантал өнімін сатудан түскен кіріс | 6,557 | 5,490 |
| Сатып алынған тауарды сатудан түскен кіріс | 5,622 | 3,688 |
| Өзге ұсынылған қызметтерден түскен кіріс | 5,431 | 5,797 |
| Бериллий өнімін сатудан түскен кіріс | 3,717 | 3,833 |
| Тасымалдау жөніндегі қызметтерден түскен кіріс | 2,603 | 2,499 |
| Фотоэлектр өңдегіштерді сатудан түскен кіріс | 58 | 13 |
| Зерттеулер мен әзірлеуден түскен кіріс | 3 | 20 |
| Өзге | - | 1,339 |
| **Түсім жиыны** | **192,524** | **141,732** |

## 6. Өткізілген өнімнің өзіндік құны

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) | 2015 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Шикізат пен материалдар | 85,444 | 80,534 |
| Қызметкерлер еңбегіне ақы төлеу | 13,373 | 13,444 |
| Тозу мен амортизация | 7,763 | 6,806 |
| Қайта өңдеу және өзге қызметтер | 6,553 | 6,305 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | 5,800 | 4,034 |
| Тасымалдау бойынша шығыстар | 1,557 | 1,516 |
| Коммуналдық қызметтер | 858 | 999 |
| Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу | 700 | 790 |
| Өзге | 1,285 | 39 |
| **Өткізілген өнімнің өзіндік құны жиыны** | **123,333** | **114,467** |

## 7. Өткізу бойынша шығыстар

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) | 2015 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Тиеу, тасымалдау және сақтау бойынша шығыстар | 2,641 | 938 |
| Қызметкерлер еңбегіне ақы төлеу | 302 | 379 |
| Шикізат пен материал | 174 | 38 |
| Жалға алу | 65 | 66 |
| Комиссиялық сыйақы | 23 | 76 |
| Өзге | 331 | 166 |
| **Өткізу бойынша шығыстар жиыны** | **3,536** | **1,663** |

## 8. Жалпы және әкімшілік шығыстар

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) | 2015 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Қызметкерлер еңбегіне ақы төлеу | 6,012 | 5,902 |
| Консультациялық және ақпараттық қызметтер | 2,998 | 972 |
| Айыппұлдар | 1,753 | 6 |
| Жалға алу | 547 | 454 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | 464 | 338 |
| Тозу мен амортизация | 399 | 456 |
| Іс-сапарлық шығыстар | 289 | 213 |
| Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу | 244 | 132 |
| Оқытуға арналған шығыстар | 160 | 106 |
| Байланыс қызметтері | 144 | 124 |
| Шикізат пен материалдар | 122 | 213 |
| Коммуналдық қызметтер | 71 | 113 |
| Банк комиссиялары | 57 | 63 |
| Корпоративтік іс-шаралар | 44 | 45 |
| Күзет қызметтері | 42 | 68 |
| Сақтандыру | 30 | 15 |
| Кеңсе заттары | 29 | 31 |
| Өкілдік шығыстар | 26 | 20 |
| Зерттеулерге арналған шығыстар | 19 | 354 |
| (Құнсызданудан болған шығынды қайта қалпына келтіру)/Дебиторлық берешектің құнсыздануы | (229) | 445 |
| Өзге | 782 | 342 |
| **Жалпы және әкімшілік шығыстар жиыны** | **14,003** | **10,412** |

2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдағы айыппұл мен өсімпұлға 2008 жылғы трансферттік баға белгілеу тексеруінің шағымдану нәтижелері бойынша Компаниямен мойындалған 790 миллион теңге көлеміндегі өсімпұл, және 2010—2012 ж.ж. кешенді салық тексеруінің нәтижесі бойынша «Аппақ» ЖШС мойындаған 647 миллион теңге көлеміндегі айыппұлдар мен өтемпұлдар қосылған (31 Ескерту).

## 9. Активтердің құнсыздануы

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) | 2015 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| KazPV жобасы бойынша активтерінің құнсыздануы бойынша шығын | 6,817 | 2,982 |
| Өзге активтердің құнсыздануы бойынша шығын | 5,891 | 1,064 |
| Құнсыздану бойынша шығынды қайта қалпына келтіру | (47) | (89) |
| **Активтердің құнсыздануы жиыны** | **12,661** | **3,957** |

2015 жылдың 31 желтоқсанында келесі ықпалдар басшылықпен KazPV жобасымен байланысты активтердің (түрлендірген бірліктердің) құнсыздануы ретінде мойындалған; өндіріс пен сатылу деңгейлері бюджеттіктен төмен; және нарық бағаларының жалпы төмендеуі. KazPV жобасына жататын активтерге негізгі құралдарды, аяқталмаған құрылыс, өндіріске дайындау шығындары мен өзге ұзақ мерзімді активтер қосылады.

Құнсыздануды бағалау үшін активтер басқа активтер мен активтер тобынан (түрлендірілген бірліктер) келетін ақша қаражаттарының түсуінен айтарлықтай дәрежеде тәуелсіз жеке теңестіру ақша түсулері бар ең төмен деңгейде топтандырылған. Топ жобаның заңдық ұйымдастырылуына емес, экономикалық мәніне негізделе отырып үш түрлендірілген бірліктерді анықтады.

## 9 Активтердің құнсыздануы (жалғасы)

- Металлургиялық және поликристаллдық кремнийдің өндірісі мен сатылуы, кремний өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу;
- Күн сапасындағы кремнийді, кремнийлік және фотоэлектрикалық пластиналарды өндіру;
- Фотоэлектрикалық модульдердің өндірісі.

Жүргізілген құнсыздану бағалауының негізінде Топ екі түрлендіру бірліктері үшін шығынды мойындады: «Металлургиялық және поликристаллдық кремнийдің өндірісі мен сатылуы, кремний өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу» және «Күн сапасындағы кремнийді, кремнийлік және фотоэлектрикалық пластиналарды өндіру», өйткені осы түрлендірілген бірліктердің өтеу құны олардың баланстық құнынан төмен болды. Өтеу құнын есептеуде қолданылған маңызды есептік бағалаулар мен пайымдаулар болашақ көлемдер мен сатылу бағаларының болжамын қамтиды. Болжам кезеңі негізгі құралдардың пайдалы қызмет көрсету мерзіміне тең болатын (2032 жылға дейін «Металлургиялық және поликристаллдық кремнийдің өндірісі мен сатылуы, кремний өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу» түрлендіру бірлігі үшін және 2025 жылға дейін «Күн сапасындағы кремнийді, кремнийлік және фотоэлектрикалық пластиналарды өндіру» және «Фотоэлектрикалық модульдердің өндірісі» түрлендіру бірліктері үшін).

2016 жылдың 30 маусымындағы жағдайда кейінгі құнсызданудың белгілерінің бар екендігін анықтау үшін Топ KazPV активтерінің баланстық құнын талдады. Бастапқы қызметтің жоспарларынан ауытқу, сату мен бағаның түсіп кетуі басшылықпен бір түрлендіру бірлікті пайымдайтын фотоэлектрикалық ұяшықтардың өндірісі бойынша активтердің құнсыздануының индикаторы ретінде бағаланған болатын. «Металлургиялық және поликристаллдық кремнийдің өндірісі мен сатылуы, кремний өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу» түрлендіру бірлігінің (3,217 миллион теңге), «Күн сапасындағы кремнийді, кремнийлік және фотоэлектрикалық пластиналарды өндіру» түрлендіру бірлігінің (164 миллион теңге) және «Фотоэлектрикалық модульдердің өндірісі» түрлендіру бірлігінің (61 миллион теңге) өтеу құндары болашақ көлемдер мен сату бағаларының қайта қарастырылған болжамы негізінде пайдалану құндылығы ретінде белгіленген болатын. Барлық түрлендірілген бірліктер үшін қолданылған дисконттау мөлшерлемесі 11.4% құрады.

2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай арасында өзге активтердің құнсыздануының шығыны негізінде сатып алынған уран өнімінің қорының таза сатылу бағасына дейін есептен шығаруына (4,900 миллион теңге) және өзге қорлардың (514 миллион теңге) өндіріске дайындау бойынша капиталдандырулық шығыстардың құнсыздануына (274 миллион теңге) қатысты.

## 10. Өзге кірістер

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) | 2015 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан кіріс | 285 | - |
| Айыппұл мен өсімақыдан түскен кіріс | 102 | 180 |
| Өтеусіз алынған мүлік пен артықшылықтар | 86 | 119 |
| Негізгі құралдардың шығуынан кіріс | 78 | 190 |
| Өзге | 306 | 82 |
| **Өзге кірістер жиыны** | **857** | **571** |

## 11. Өзге шығыстар

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) | 2015 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Әлеуметтік салаға арналған шығыстар | 2,572 | 406 |
| Өндірісті тоқтатқаннан болған шығындар | 268 | 276 |
| Қайтарылмаған ҚҚС | 162 | 40 |
| Негізгі құралдардың шығуынан түскен шығын | 143 | - |
| Тоқтап тұрған уақыттағы негізгі құралдардың амортизациясы | 119 | 164 |
| Өзге | 427 | 315 |
| **Өзге шығыстар жиыны** | **3,691** | **1,201** |

## 12. Қаржылық кірістер мен қаржылық шығыстар

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) | 2015 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| **Қаржылық кірістер** | | |
| Пайыздық кіріс | 2,344 | 1,217 |
| Қаржылық міндеттемелердің қайта бағалануынан түскен кіріс | 652 | - |
| Қаржылық активтердің қайта бағалануынан түскен кіріс | 262 | 329 |
| Өзге | 104 | 265 |
| **Қаржылық кірістер жиыны** | **3,362** | **1,811** |
| **Қаржылық шығыстар** | | |
| Несие мен қарыздар бойынша пайыздық шығыстар | 3,072 | 3,069 |
| Қаржылық активтердің қайта бағалану шығыстары | 742 | - |
| Резерв бойынша дисконтты алып тастау | 525 | 533 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер бойынша дисконтты алып тастау | 147 | 119 |
| Ұзақмерзімді дебиторлық берешек бойынша дисконтты мойындау | 102 | - |
| Өзге қаржылық шығыстар | 388 | 256 |
| **Қаржылық шығыстар жиыны** | **4,976** | **3,977** |

## 13. Қызметкерлер еңбегіне төлемдер

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) | 2015 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген) |
|---|---|---|
| Жалақы | 24,180 | 23,003 |
| Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар | 2,547 | 2,416 |
| **Қызметкерлер еңбегіне төлемдер жиыны** | **26,727** | **25,419** |

## 14. Табыс салығы бойынша шығыстар

*(а) Табыс салығы бойынша шығыстар компоненттері*

Жылдағы пайдада немесе шығында көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстарға мына компоненттер кіреді:

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | **2016 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген)** | **2015 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген)** |
|---|---|---|
| Ағымдағы табыс салығы | 14,485 | 2,240 |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы | (882) | 12 |
| **Табыс салығы бойынша шығыстар жиыны** | **13,603** | **2,252** |

*(б) Салық салудың қолданылатын мөлшерлемесіне көбейтілген бухгалтерлік пайданың сомасымен қоса табыс салығы бойынша шығыстарды салыстырып тексеру*

Топтың және оның еншілес кәсіпорындарының көп бөлігі пайдасына қолданылатын табыс салығының ағымдағы мөлшерлемесі 20%-ды құрайды.

Табыс салығы бойынша есепті және іс жүзіндегі шығыстардың салыстыруы төменде келтірілген:

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | **2016 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген)** | **2015 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай аралығы (аудиттелмеген)** |
|---|---|---|
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | **74,876** | **25,180** |
| Заңмен белгіленген 20% мөлшерлеме бойынша табыс салығынан шығыстың есеп айырысу сомасы (2014 ж.30 маусым: 20%): | 14,975 | 5,036 |
| Салық салу базасын азайтпайтын шығыстардың және салық салу базасына кіргізілмейтін табыстардың салық тиімділігі: | | |
| Салық салынбайтын кіріс | (575) | (82) |
| Есептен шығарылмайтын шығыстардың салық тиімділігі | 1,292 | 470 |
| Трансферттік баға белгілеу бойынша түзетулер | 385 | 126 |
| Дайын өнім бойынша маржаның элиминациясы | (40) | (6) |
| Қауымдастырылған кәсіпорындар қорытындысының үлесі | (3,358) | (2,181) |
| Бірлескен кәсіпорындар қорытындысының үлесі | (3,997) | (1,303) |
| Бұрында мойындалмаған салық шығындарын пайдалану | (810) | (203) |
| Кейінге қалдырылған салық активтері мойындалмаған ағымдағы жылға қатысты шығындар | 427 | 1,005 |
| Өткен кезеңдердің түзетулері | 3,423 | 8 |
| Өзге | 1,882 | (618) |
| **Табыс салығы бойынша шығыстар** | **13,603** | **2,252** |

Алдыңғы кезеңдердің түзетулеріне «Аппақ» ЖШС-нің 2008 жыл бойынша трансферттік баға белгілеу тексеруінің нәтижесі бойынша мойындалған 2,512 миллион теңгеге және кешенді салық тексеруінің нәтижесі бойынша 627 миллион теңгеге қосымша есептеулер қосылған (31 Ескерту).

## 15. Негізгі құралдар

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | Жер | Ғимараттар | Машиналар мен жабдықтар | Көлік құралдары | Өзгелері | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2016 ж. 1 қаңтарына** | | | | | | | |
| Құны | 352 | 94,847 | 73,526 | 13,813 | 4,987 | 38,047 | 225,572 |
| Жиналған амортизация және құнсызданудан шеккен шығын | - | (25,690) | (39,927) | (7,656) | (2,811) | (19,077) | (95,161) |
| **Баланстық құны** | **352** | **69,157** | **33,599** | **6,157** | **2,176** | **18,970** | **130,411** |
| Түсімдер | 3 | 42 | 456 | 54 | 230 | 2,692 | 3,477 |
| Аударымдар | 1 | 393 | 477 | 16 | 80 | (967) | - |
| Кезең аралығындағы амортизация | - | (2,282) | (2,655) | (526) | (257) | - | (5,720) |
| Құнсызданудан шеккен шығын | - | (1,371) | (669) | (5) | (24) | (4,782) | (6,851) |
| Құнсызданудан шығынды қайта қалыпқа келтіру | - | - | 2 | - | 10 | - | 12 |
| Істен шығу | (4) | (25) | (11) | (35) | (10) | (58) | (143) |
| Қордан аударымдар | - | - | 21 | - | (10) | 1 | 12 |
| Сатуға арналған активтерге аударымдар | - | (11) | - | (11) | (2) | - | (24) |
| Материалдық емес активтерге аударымдар | - | - | - | - | - | (4) | (4) |
| Ұсыну валютасына қайта есептеу | - | - | - | (1) | - | - | (1) |
| **2016 ж. 30 маусымына (аудиттелмеген)** | | | | | | | |
| Құны | 352 | 95,150 | 73,366 | 13,508 | 5,214 | 39,711 | 227,301 |
| Жинлған амортизация және құнсызданудан шеккен шығын | - | (29,247) | (42,146) | (7,859) | (3,021) | (23,859) | (106,132) |
| **Баланстық құны** | **352** | **65,903** | **31,220** | **5,649** | **2,193** | **15,852** | **121,169** |

2016 жылдың 30 маусымына толық амортизацияланған, бірақ әлі пайдаланылатын негізгі құралдардың құны 6,310 миллион теңгені (2015 жылдың 31 желтоқсанына 5,897 миллион теңге) құрайды. 2016 жылдың 30 маусымына дейінгі жағдай бойынша негізгі құралдарды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелер сомасы 2,222 миллион теңге (2015 жылдың 31 желтоқсанына: 766 миллион теңге) құрайды.

Есептік кезеңде капиталдандырылған қарыздар бойынша шығын 440 миллион теңгені құрайды. Капиталдандырудың орташа мөлшерлемесі жылына 4.67% құрады.

## 16. Өндіріске дайындалу бойынша шығындар

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | Кен орнын дайындау | Кен орындарын қалпына келтіру | Ионалмастырғыш шайыр | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **2016 ж. 1 қаңтарына** | | | | |
| Құны | 51,603 | 7,182 | 4,365 | 63,150 |
| Жиналған амортизация және құнсызданудан шеккен шығын | (21,971) | (1,423) | (1,178) | (24,572) |
| **Баланстық құны** | **29,632** | **5,759** | **3,187** | **38,578** |
| Түсімдер | 5,339 | - | - | 5,339 |
| Қордан аударымдар | 111 | - | 19 | 130 |
| Кезең ішіндегі амортизация | (4,630) | (286) | (150) | (5,066) |
| Құнсызданудан шеккен шығын | (274) | - | - | (274) |
| Есептік бағалаудағы өзгерістер | - | (244) | - | (244) |
| **2016 ж. 30 маусымына (аудиттелмеген)** | | | | |
| Құны | 57,053 | 6,938 | 4,384 | 68,375 |
| Жиналған амортизация және құнсызданудан шеккен шығын | (26,875) | (1,709) | (1,328) | (29,912) |
| **Баланстық құны** | **30,178** | **5,229** | **3,056** | **38,463** |

Кезең аралығындағы түсімдерді жаңа ұңғымаларды орнату жөніндегі бұрғылау жұмыстары құрайды.

## 17. Жер қойнауын пайдалану құқығы

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | |
|---|---|
| **2016 ж. 1 қаңтарына** | |
| Құны | 9,072 |
| Жиналған амортизация және құнсызданудан шеккен шығын | (7,005) |
| **Баланстық құны** | **2,067** |
| Кезең ішіндегі амортизация | (95) |
| **2016 ж. 30 маусымына (аудиттелмеген)** | |
| Құны | 9,072 |
| Жиналған амортизация және құнсызданудан шеккен шығын | (7,100) |
| **Баланстық құны** | **1,972** |

## 18. Барлау және бағалау активтері

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | Материалдық активтер | Материалдық емес активтер | Жиыны |
|---|---|---|---|
| **2016 ж. 1 қаңтарына** | **7,277** | **1,261** | **8,538** |
| Түсім | 1,504 | 15 | 1,519 |
| Қордан/(қорға) аударымдар | (616) | (1) | (617) |
| Сатуға арналған активтерден аударымдар | (94) | - | (94) |
| **2016 ж. 30 маусымына (аудиттелмеген)** | **8,071** | **1,275** | **9,346** |

## 19. Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар

Төмендегі кестеде Топтың қауымдастырылған кәсіпорындарға салған инвестицияларының баланстық құнының өзгерістері берілген:

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | |
|---|---|
| **2016 ж. 1 қаңтарына баланстық құны** | **121,938** |
| Қауымдастырылған кәсіпорындардың қорытындыларындағы үлес | 16,792 |
| Қауымдастырылған кәсіпорындардан алынған дивидендтер | (47,943) |
| Шығыстар | (70) |
| Бірлескен кәсіпорындар ретінде жіктелген | (3,217) |
| Ұсыну валютасын қайта есептеу | (20) |
| **2016 ж. 30 маусымына баланстық құны (аудиттелмеген)** | **87,480** |

## 19. Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)

Топтың қауымдастырылған кәсіпорындарға салған инвестициялары:

| | | | 2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) | | 2015 ж. 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ел | Негізгі қызмет | Қатысу үлесі/Дауыс беру құқығы | Миллион теңгемен | Қатысу үлесі/Дауыс беру құқығы | Миллион теңгемен |
| «СП Инкай» ЖШС | Қазақстан | Уран өнімін өндіру, қайта өңдеу және экспорттау | 40.00% | 32,855 | 40.00% | 40,512 |
| «СП КАТКО» ЖШС | Қазақстан | Уран өнімін өндіру, қайта өңдеу және экспорттау | 49.00% | 30,062 | 49.00% | 48,781 |
| «СП «Заречное» АҚ | Қазақстан | Уран өнімін өндіру, қайта өңдеу және экспорттау | 49.979% | 8,519 | 49.979% | 7,555 |
| «СП «Южная горно-химическая компания» ЖШС | Қазақстан | Уран өнімін өндіру, қайта өңдеу және экспорттау | 30.00% | 3,901 | 30.00% | 10,435 |
| «СП «Хорасан-U ЖШС (Хорасан-У)» | Қазақстан | Уран өнімін өндіру, қайта өңдеу және экспорттау | 33.98% | 3,701 | 33.98% | 2,851 |
| «Каустик» АҚ | Қазақстан | Каустикалық сода жеткізілімі | 40.00% | 3,697 | 40.00% | 3,888 |
| «СП «Бетпақ Дала» ЖШС | Қазақстан | Уран өнімін өндіру, қайта өңдеу және экспорттау | 49.00% | 843 | 49.00% | 504 |
| «СП Росбурмаш» ЖШС | Қазақстан | Геологиялық барлау және іздеу | 30.00% | 841 | 30.00% | 421 |
| «Қызылқұм» ЖШС | Қазақстан | Уран өнімін өндіру, қайта өңдеу және экспорттау | 49.00% | - | 49.00% | - |
| СП «СКЗ Қазатомөнеркәсіп» ЖШС | Қазақстан | Күкірт қышқылын өндіру | 49.00% | 30,062 | 49.00% | 48,781 |
| СП «IFASTAR» | Франция | Ядролық отын циклы саласындағы тараптардың ынтымақтастығына қатысты ТЭН-ді орындау | 33.98% | 3,701 | 33.98% | 2,851 |
| НПК «Ульба» | Қазақстан | Инженерлік жүйелер мен желілерді жоспарлау | 40.00% | 3,697 | 40.00% | 3,888 |
| «Уранэнерго» ЖШС | Қазақстан | Электр энергиясын беру және тарату, электр желілірін және қосалқы станцияларды пайдалану | 30.00% | 2,350 | 30.00% | 3,038 |
| **Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар жиыны** | | | | **87,480** | | **121,938** |

## 20. Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Төмендегі кестеде Топтың бірлескен кәсіпорындарға салған инвестицияларының баланстық құнының өзгерістері берілген:

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | |
|---|---|
| **Баланстық құны 2016 ж. 1 қаңтарына** | **43,519** |
| Бірлескен кәсіпорындардың қорытындыларындағы үлес | 19,984 |
| Жарғылық капиталға төленетін жарна | 1,174 |
| Бірлескен кәсіпорындардың өзге жиынтық табысындағы үлес | (31) |
| Бірлескен кәсіпорындардан есептелген дивидендтер | (21,066) |
| Бірлескен кәсіпорындар ретінде жіктелген | 3,217 |
| Ұсыну валютасын қайта есептеу | 56 |
| **Баланстық құны 2016 ж. 30 маусымына (аудиттелмеген)** | **46,853** |

## 20. Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)

Төменде Топтың оның негізгі бірлескен кәсіпорындарына қатысу үлесі берілген:

| | | | 2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) | | 2015 ж. 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ел | Негізгі қызмет | Қатысу үлесі/Дауыс беру құқығы | Миллион теңгемен | Қатысу үлесі/Дауыс беру құқығы | Миллион теңгемен |
| «Ақбастау» БК АҚ | Қазақстан | Уран өнімін өндіру, қайта өңдеу және экспорттау | 50% | 16,026 | 50% | 18,601 |
| «Семізбай-U» ЖШС | Қазақстан | Уран өнімін өндіру, қайта өңдеу және экспорттау | 51% | 10,575 | 51% | 9,331 |
| «Қаратау» ЖШС | Қазақстан | Уран өнімін өндіру, қайта өңдеу және экспорттау | 50% | 9,452 | 50% | 15,490 |
| «УБО» ЖАҚ | Ресей | Бөліну дәрежесі жоғары уран өнімін өндіру | 50% | 6,274 | 50% | - |
| «Уранэнерго» ЖШС | Қазақстан | Электр энергиясын беру және тарату, электр желілірін және қосалқы станцияларды пайдалану | 57.7% | 4,375 | - | - |
| «КазПерОксид» ЖШС | Қазақстан | Сутегі пероксидін сату | 50% | 66 | 50% | 26 |
| «Ульба ТВС» ЖШС | Қазақстан | Жылу шығаратын элементтерді өндіру бойынша зауытты салу және жылу шығаратын элементтерді өндіру, маркетингі және сату | 51% | 48 | 51% | 63 |
| «Ульба Конверсия» ЖШС | Қазақстан | ҚР-да конверсиялық зауыт салу және басқару | 50.96% | 29 | 50.96% | - |
| «СП УКР ТВС» ЖАҚ | Украина | Ядролық отын өндіру | 33.33% | 8 | 33.33% | 8 |
| «СКЗ-U» ЖШС | Қазақстан | Күкірт қышқылын өндіру | 49% | - | 49% | - |
| «Қазатомөнеркәсіп-Сорбент» ЖШС | Қазақстан | Ионалмастырғыш шайыр жеткізу | 51% | - | 51% | - |
| ООО «КАС» | Германия | Ғылымды қажет ететін инновациялық жобалар жасау және іске асыру | 50% | - | 50% | - |
| КРКАС АҚ | Қазақстан | Атом энергия блоктары мен атом станцияларының жобалық және техникалық құжаттамасын әзірлеу | - | - | 50% | - |
| «Yingtan Ulba Shine Metal Materials Co., Ltd» АҚ | Қытай | Берилий қоласынан таспалар мен басқа да өнімдер өндіру | 51% | - | 51% | - |
| **Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар жиыны** | | | | **46,853** | | **43,519** |

2016 жылдың алты ай ішінде Топ «Уранэнерго» ЖШС қатысу үлесін көбейтті, бақылаудың барлығын, бірлескен бақылауды және айтарлықтай әсерді осы инвестицияға қатысты қайта бағалауға әкелді. Нәтижесінде басшылық Топтың «Уранэнерго» ЖШС бірлескен бақылау бар деген қорытындыға келді. Тиісінше, осы инвестиция бірлескен кәсіпорынға инвестиция ретінде жіктелді.

## 21. Байланысты тараптарға берілген қарыздар

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) | 2015 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді** | | |
| ЖШС «Қызылқұм» | 18,701 | 18,033 |
| ЖШС «Байкен-U» | 13,585 | 13,100 |
| ЖШС «Семізбай-U» | 1,211 | 1,211 |
| **Ұзақ мерзімді қарыздар жиыны** | **33,497** | **32,344** |
| **Қысқа мерзімді** | | |
| ЖШС «Семізбай-U» | 1,211 | 1,211 |
| АҚ СП «КРКАС» | 13 | 13 |
| **Қысқа мерзімді қарыздар жиыны** | **1,224** | **1,224** |

2010 жылғы қыркүйек пен желтоқсанда Топ «Қызылқұм» ЖШС мен «Байкен-U» ЖШС кәсіпорындарына қаржылық көмек көрсету үшін мерзімдік, төлемдік және қайтарымдылық шартымен ұзақ мерзімді кредиттер берді. 2012 жылы өтеу кестесін қайта қарап, «Қызылқұм» ЖШС мен «Байкен-U» ЖШС қарыздарын қайтару мерзімі тиісінше 2024 және 2022 жылдарға ауыстырылды. Осы қарыздар бойынша мүлік кепілдігі алынды.

2012 жылғы қыркүйекте Топ «Семізбай-U» ЖШС-ға бес жылдық кредит берді. Осы қарыз бойынша мүлік кепілдігі алынды. Кредит 2014 жылдан бастап төленуге тиісті.

## 22. Қысқа мерзімдік дебиторлық берешек

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) | 2015 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Саудалық дебиторлық берешек | 38,981 | 103,406 |
| Байланысты тараптардың саудалық дебиторлық берешегі | 7,761 | 5,507 |
| **Жалпы саудалық дебиторлық берешек жиыны** | **46,742** | **108,913** |
| Дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резерв | (1,241) | (1,379) |
| Байланыс тараптардың дебиторлық берешегінің құнсыздануы бойынша резерв | (65) | (350) |
| **Таза саудалық дебиторлық берешек жиыны** | **45,436** | **107,184** |
| Өзге дебиторлық берешек | 583 | 778 |
| Байланысты тараптардың өзге дебиторлық берешегі | 2 | 4 |
| **Өзге дебиторлық берешек жиыны** | **585** | **782** |
| Өзге дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резерв | (479) | (454) |
| **Өзге дебиторлық берешек жиыны** | **106** | **328** |
| **Қысқа мерзімді дебиторлық берешек жиыны** | **45,542** | **107,512** |

## 23. Қорлар

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | **2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)** | **2015 ж. 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Дайын өнім және сатуға арналған тауарлар | 87,625 | 70,636 |
| Аяқталмаған құрылыс | 13,337 | 12,922 |
| Шикізат және материалдар | 12,601 | 13,354 |
| Өңдеудегі материалдар | 1,927 | 1,907 |
| Қосалқы бөлшектер | 664 | 826 |
| Отын | 457 | 506 |
| Өзге материалдар | 1,999 | 2,188 |
| Ескірген және өтімсіз қорлар бойынша резерв | (7,829) | (2,647) |
| **Қорлар жиыны** | **110,781** | **99,692** |

## 24. Ақша қаражаттары және олардың баламалары

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | **2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)** | **2015 ж. 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Банктердегі ағымдағы шоттар | 80,048 | 53,246 |
| Талап етілетін салымдар | 5,186 | 2,570 |
| Кассадағы ақша қаражаты | 53 | 53 |
| **Ақша қаражатының және олардың баламаларының жиыны** | **85,287** | **55,869** |

## 25. Өзге активтер

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | **2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)** | **2015 ж. 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді** | | |
| Пайдалануы шектелген ақша қаражаттары | 7,232 | 7,032 |
| Ұзақ мерзімді қорлар | 5,813 | 6,398 |
| Өтеуге арналған ҚҚС | 1,681 | 1,712 |
| Байланысты тараптардың дивидендтері бойынша берешек | 1,256 | 1,256 |
| Қызметкерлерге берілген қарыздар | 926 | 1,174 |
| Болашақ кезеңдердің шығыстары | 698 | 620 |
| Ұзақ мерзімді активтерге берілген аванстар | 672 | 857 |
| Байланысты тараптарға берілген аванстар | 476 | 578 |
| **Өзге ұзақ мерзімді активтердің жиыны** | **18,754** | **19,627** |
| **Қысқа мерзімді** | | |
| Байланысты тараптардың дивидендтері бойынша берешек | 38,663 | 7,513 |
| Тауарлар мен қызметтер үшін берілген аванстар | 4,104 | 2,824 |
| Байланысты тараптарға тауарлар мен қызметтер үшін берілген аванстар | 770 | 728 |
| Қызметкерлердің берешегі | 484 | 471 |
| Болашақ кезеңдердің шығыстары | 448 | 336 |
| Сақтандыру бойынша алдын ала төлем | 360 | 434 |
| Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем | 309 | 228 |
| Пайдалануы шектелген ақша қаражаттары | 82 | - |
| Байланысты тараптар бойынша өзге активтер | 20 | - |
| Өзге активтер | 22 | 23 |
| **Өзге қысқа мерзімді активтердің жиыны** | **45,262** | **12,557** |

## 26. Капитал

2015 жылғы наурызда Компания атаулы құны 1,000 теңгеге тең жай акцияларының 92,600 данаға көбейгенін тіркеді. 2015 жылғы 30 маусымда шығаруға рұқсат етілген жай акцияларының саны 36,784,961 акцияны құрайды, сонымен қатар: (1) орналастырылған (төленген) акциялар – 36,692,361 дана, (2) – Акционердің төлеуіне тиісті акциялар – 92,600 дана.

Компанияның барлық акциялары дивидендтерді бөлу жөнінде шешім қабылдайтын жалғыз және соңғы тарап болып табылатын «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-қа тиесілі (Ескерту 1). Әрбір кәдімгі жай акция бір дауыс құқығын білдіреді.

Кезең аралығында мынадай дивидендтер жарияланды және төленді:

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | |
|---|---|
| 2016 ж. 1 қаңтарына дивидендтер бойынша кредиторлық берешек | - |
| Кезең аралығында жарияланған дивидендтер | 12,031 |
| Кезең аралығында төленген дивидендтер | (12,031) |
| **2016 жылғы 30 маусымына дивидендтер бойынша кредиторлық берешек** | **-** |
| **Кезең аралығында акцияға жарияланған дивидендтер, теңгемен** | **328** |

## 27. Кредиттер мен қарыздар

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) | 2015 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | |
| Банктік кредиттер | 99,206 | 119,481 |
| Банктік емес кредиттер | 309 | 295 |
| Қаржылық жалға беру бойынша міндеттемелер | 77 | - |
| **Ұзақ мерзімді кредиттер мен қарыздар жиыны** | **99,592** | **119,776** |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | |
| Банктік кредиттер | 48,254 | 52,845 |
| Қаржылық жалға беру бойынша міндеттемелер | 27 | - |
| **Қысқа мерзімді кредиттер мен қарыздар жиыны** | **48,281** | **52,845** |

2015 жылғы 19 қаңтарда Топ жалпы сомасы 450 миллион АҚШ долларына бес банкпен қамтамасыз етілмеген синдицияланған қарыз туралы келісімге қол қойды. Бұл синдицияланған қарыздың мақсаты облигацияларды қайта қаржыландыру болып табылады. Қарызды өтеу 2015 жылдың қыркүйегінен 2019 жылдың маусымына дейін бірдей төлемдермен жүзеге асырылады. Қарыздың міндетті шарты Топ кәсіпорындарының сату, қайтарылатын жалгерлік, факторинг бойынша, сондай-ақ кредиттік келісімде көзделген жағдайлардан басқа, қосылу, айырылысу, бірігу және корпоративтік қайта құру, сатып алу мен кәсіпорындар құру бойынша елеулі мәмілелер жасауға шек қоюларды қамтиды. Топ сондай-ақ қаржылық міндеттемелердің EBITDA-ға қатысты сомасының ара қатынасын 3.5-тен асырмауға және өз капиталына қатысты 1-ден асырмауға міндетті.

## 28. Кредиторлық берешек

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) | 2015 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді** | | |
| Сауда кредиторлық берешегі | 583 | 585 |
| Өзге кредиторлық берешегі | 5 | - |
| **Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек жиыны** | **588** | **585** |
| **Қысқа мерзімді** | | |
| Байланысты тараптардың сауда кредиторлық берешегі | 48,480 | 71,826 |
| Сауда кредиторлық берешегі | 14,624 | 29,094 |
| **Сауда кредиторлық берешегінің жиыны** | **63,104** | **100,920** |
| Байланысты тараптардың өзге сауда кредиторлық берешегі | 8 | 14 |
| Өзге сауда кредиторлық берешегі | 1,021 | 688 |
| **Өзге кредиторлық берешек жиыны** | **1,029** | **702** |
| **Қысқа мерзімді кредиторлық берешек жиыны** | **64,133** | **101,622** |

## 29. Резервтер

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | Кәсіптік аурулармен байланысты өтемақыны төлеуге резерв | Қоршаған ортаны қорғауға резерв | Кенорында-рын қайта қалпына келтіруге резерв | Өзгелер | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **2016 ж. 1 қаңтарына** | | | | | |
| Ұзақ мерзімді | 419 | 2,316 | 14,420 | 28 | 17,183 |
| Қысқа мерзімді | 100 | - | 1 | - | 101 |
| **Жиыны** | **519** | **2,316** | **14,421** | **28** | **17,284** |
| Кезең аралығында жасалған резервтер | - | - | - | 1 | 1 |
| Дисконтты істен шығару | 18 | 77 | 430 | - | 525 |
| Кезең аралығында пайдаланылған резервтер | (49) | - | - | - | (49) |
| Бағалаудағы өзгерістер | - | - | (338) | - | (338) |
| **2016 ж. 30 маусымына (аудиттелмеген)** | | | | | |
| Ұзақ мерзімді | 437 | 2,393 | 14,512 | 29 | 17,371 |
| Қысқа мерзімді | 51 | - | 1 | - | 52 |
| **Жиыны** | **488** | **2,393** | **14,513** | **29** | **17,423** |

## 30. Өзге міндеттемелер

| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | 2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) | 2015 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді** | | |
| Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер | 2,854 | 3,224 |
| Байланысты тараптардан алынған аванстар | 1,626 | 1,698 |
| Болашақ кезеңдердің кірістері | 562 | 546 |
| Артықшылық акция ұстаушылардың алдындағы міндеттемелер | 265 | 265 |
| Алынған аванстар | 44 | 30 |
| Кепілдік міндеттемелер | 241 | 378 |
| **Ұзақ мерзімді өзге міндеттемелер жиыны** | **5,592** | **6,141** |
| **Қысқа мерзімді** | | |
| Байланысты тараптардан алынған аванстар | 3,069 | 2,426 |
| Пайдаланылмаған демалыстар мен сыйақылар бойынша есептелген міндеттемелер | 2,865 | 3,447 |
| Жалақы бойынша берешек | 2,443 | 2,049 |
| Алынған аванстар | 2,257 | 1,483 |
| Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер | 897 | 909 |
| Басқа қатысушыларға төлеуге арналған дивидендтер | 568 | 245 |
| Әлеуметтік жарналар | 547 | 850 |
| Болашақ кезеңдердің кірістері | 42 | 75 |
| Байланыс тараптарының қаржылық міндеттемелер | - | 7 |
| Өзге міндеттемелер | 396 | 1,297 |
| **Қысқа мерзімдік міндеттемелер жиыны** | **13,084** | **12,788** |

## 31. Шарттық және келісімшарттық міндеттемелер

Төменде көрсетілгендерден басқа, 2016 жылдың 30 маусымына 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың шоғырландырылған қаржылық есебінде ашылғандардан басқа шарттық және келісімшарттық міндеттемелер, операциялық тәуекелдер болған жоқ.

***Салық салу***

2015 жылғы шілдеде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та 2008 жылғы трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша құжаттамалық тақырыптық тексеріс аяқталды. Тексеріс нәтижелері бойынша Топқа жалпы мөлшері 3,302 миллион теңге сомасында корпоративтік табыс салығының, айыппұл мен өсімпұлдың жетпейтіндігі туралы тексеру актісі және 2015 жылғы 22 шілдедегі № 2041 хабарлама берілді. Топ хабарламамен келіскен жоқ және оның нәтижелерін заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік табыс комитетіне және Астана қаласының мамандандырылған аймақаралық экономикалық сотта шағымдануы сәтсіз болады. Топтың сот органдарында 2002-2006 жж. трансферттік баға белгілеуді тексеру актісін даулаудың оң нәтижелері туралы жинаған тәжірибесі бар, сондықтан 2016 жылғы 20 шілдеде Топ Астана қаласының аппеляциялық сот коллегиясына шағым берді. Алайда нәтиженің ықтималдығын ескере, Топ осы қысқартылған аралық қаржылық есептілікте табыс салығы бойынша шығыстар (14 Ескерту) мен жалпы және әкімшілік шығыстар (8 Ескерту) құрамындағы талаптардың барлық сомасына жасалған міндеттемені мойындады.

## 31 Шарттық және келісімшарттық міндеттемелер (жалғасы)

Астана қаласы бойынша салық департаментінің 2014 жылғы 13 ақпандағы нұсқамасына сәйкес «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та 2009-2012 жж. арасындағы салықтың барлық түрлері мен және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін орындау сұрағы бойынша кешенді салықтық тексеру жүргізілді. Салық тексеруінің нәтижесінде (2014 ж. 30 желтоқсандағы № 186 салық тексеру Актісі), Компанияға жалпы сомасы 3,035 миллион теңгеге қосымша есептеу ұсынылды, оның ішінде салықтар 1,735 миллион теңге сомасына (оның ішінен корпоративтік табыс салығы 980 миллион теңге сомасына, үстеме табыс салығы 155 миллион теңге сомасына, мүлік салығы 77 миллион теңге сомасына, пайдалы қазбалар өндіру салығы 234 миллион теңге сомасына, коммерциялық табылым бонусы 288 миллион теңге сомасына, басқа салықтар 1 миллион теңге сомасына) және өсімпұл 339 миллион теңге сомасына, және де 961 миллион теңге сомасына әкімшілік айыппұл төлеу туралы талап қойылды.

2015 жылғы 13 ақпанда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік табыс комитетіне салық тексеруінің нәтижелерімен келіспейтіні туралы шағым берді. 2016 жылғы 18 қаңтарда Компания шағымына жауап ретінде салық төлеушінің салық тексеруінің нәтижелері туралы хабарламаға жазған шағымын қарастыру қорытындылары туралы №186/1 жалпы сомасы 1,215 миллион теңгеге, оның ішінде корпоративтік табыс салығы 522 миллион теңге сомасына, үстеме табыс салығы 91 миллион теңге сомасына, мүлік салығы 77 миллион теңге сомасына, пайдалы қазбалар өндіру салығы 21 миллион теңге сомасына, коммерциялық табылым бонусы 288 миллион теңге сомасына, резидент емес заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы 1 миллион теңгеге және өсімпұл 215 миллион теңгеге хабарлама алынды. Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 396 бабына енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Компания өндіріске дайындау бойынша капиталдандырылған шығыстар құнына мүлік салығы 77 миллион теңгеге есептелінді және пайдалы қазбалар өндіру салығы 21 миллион теңгеге есептелінді.

2016 жылғы 5 наурызда Компания Астана қаласының Мамандандырылған аймақаралық экономикалық сотына №186/1 Хабарламасының қорытындыларына 901 миллион теңгеге қосымша есептелінген салықтар жөнінде, оның ішінде корпоративтік табыс салығы 522 миллион теңгеге, үстеме табыс салығы 91 миллион теңгеге және коммерциялық табу бонусын 288 миллион теңгеге есептеу туралы арыз жіберді.

2016 жылғы 27 сәуірде Астана қаласы бойынша Мемлекеттік табыс департаментіне Компанияның талаптарын қанағаттандырылуынан бас тарту туралы соттың шешімі алынды. 2016 жылғы 18 мамырда Компания Астана қаласының Аппеляциялық алқа сотына аппеляциялық шағым жіберді. 2016 жылғы 22 маусымда шағымды қанағаттандыруынан бас тарту туралы Астана қаласының Аппеляциялық алқа сотынан арызды қанағаттандырудан бас тартылғаны туралы қаулы алынды. Осы қаулы негізінде Топ 2015 жылы мойындалған резерв есебінен 1,598 миллион теңге сомасына салықтар, өсімпұл және айыппұл есептеуін өткізді. Топ осы есептеулер бойынша салықтарды, айыппұлдарды және өсімпұлдарды қосқанда 1,598 миллион теңге сомасында міндеттеме мойындады, сондықтан аталған шешім осы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікке әсерін тигізген жоқ.

2014 жылы «Аппақ» ЖШС 2010-2012 жж. арасындағы салықтың барлық түрлері мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін орындау мәселесі бойынша салық органдарымен кешенді салықтық тексеру жүргізілді. Салық тексеру нәтижесінде «Аппақ» ЖШС-не 2,312 миллион теңгеге (оның ішінде корпоративтік табыс салығы 1,300 миллион теңгеге, үстеме табыс салығы 474 миллион теңгеге, мүлік салығы 368 миллион теңгеге, пайдалы қазбалар өндіру салығы 170 миллион теңгеге) қосымша есептелінген салықтарды және 758 миллион теңгеге өсімпұлды төлеу туралы хабарлама, және де 1,156 миллион теңгеге әкімшілік айыппұл төлеу туралы талап берілді.

«Аппақ» ЖШС Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік табыс комитетіне салық тексеруінің нәтижелерімен келіспейтіні туралы шағым берді. Шағымға берілген жауаптың нәтижесінде «Аппақ» ЖШС Шымкент қаласының Әл-Фараби аудандық экономикалық сотына жалпы сомасы 840 миллион теңгеге, оның ішінде корпоративтік табыс салығы 628 миллион теңгеге және өсімпұл 212 миллион теңгеге, талап арыз жіберілді. Қарастырылу нәтижесінде «Аппақ» ЖШС талабы қанағаттандырылусыз қалдырылған. «Аппақ» ЖШС Шымкент қаласының сотына аппеляциялық шағым жіберуге көздеп отыр. 2016 жылғы 30 маусымдағы жағдайға «Аппақ» ЖШС жалпы сомасы 1,274 миллион теңгеге, оның ішінде корпоративтік табыс салығы 627 миллион теңгеге (14 Ескерту), өсімпұл 212 миллион теңгеге және айыппұл 435 миллион теңгеге (8 Ескерту) жасалған міндеттемені мойындады.

## 31 Шарттық және келісімшарттық міндеттемелер (жалғасы)

2014 жылы салық органдары уран өнімін өндіру мен сату бойынша қызмет жасайтын Топтың қауымдастырылған кәсіпорыны «КАТКО» БК» ЖШС 2009-2012 жылдар арасындағы мерзімге кешендік салық тексеруін аяқтады. Тексеру нәтижесінде салық органдарымен «КАТКО» БК» ЖШС-не жалпы сомасы жобамен 12 миллиард теңгеге (Топ үлесі шамамен 6 миллиард теңге) талаптар қойылды. Салық тексеруінің нәтижелері бойынша «КАТКО» БК» ЖШС басшылығымен Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментіне шағым түсірілді, осыған байланысты, 2016 жылғы шілдеде жалпы сомасы 7,300 миллион теңгеге нақтыланған тексеру актісі және хабарламасы алынған. Топтың басқа кәсіпорындары сияқты, «КАТКО» БК» ЖШС мүлікке деген салық пен пайдалы қазбалар өндіру салығына (мүлік салығын есептеу жағынан) қатысты міндеттеме мойындады. Салықтың қазіргі кездегі тәуекелдерін бағалау бойынша 2015 жылы 6,210 миллион теңгеге, оның ішінде салықтар бойынша 2,996 миллион теңгеге, өсімақы бойынша 1,648 миллион теңгеге және айыппұл бойынша 1,566 миллион теңгеге міндеттеме мойындады. Есептеу сомаларын қайта қарау осы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікке әсер етпеді. «КАТКО» БК» ЖШС тексеру нәтижелерін Қазақстан Республикасының жоғары тұрған салық және сот органдарына шағымдануды көздеп отыр.

***Кепілдіктер***

Кейбір байланысты тараптарды қаржыландыруға берген қаржылық кепілдіктер бойынша ең жоғарғы кредиттік тәуекел 2016 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 36,943 миллион теңгені (2015 жылғы 31 желтоқсанда: 67,479 миллион теңге) құрады.

## 32. Қаржы құралдарының әділ құны

Келесі кестеде көрсетілген құралдардан басқа, Топ қаржылық есептілікте мойындалған қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелердің баланстық құны, олардың қысқа мерзімдік сипатына байланысты шамамен олардың әділ құнына тең деп есептейді:

| | 2016 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) | | 2015 ж.31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|
| *Миллиондаған қазақстандық теңгеде* | Баланстық құны | Әділ құны | Баланстық құны | Әділ құны |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | |
| Банк қарыздары | 147,460 | 140,011 | 172,326 | 165,435 |
| Банктік емес қарыздар | 309 | 145 | 295 | 140 |
| Қаржылық жалға алу бойынша міндеттемелер | 104 | 65 | - | - |
| Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер | 3,751 | 2,971 | 4,133 | 3,720 |
| **Жиыны** | **151,624** | **143,192** | **176,754** | **169,295** |

Қаржылық міндеттемелердің әділ құнын бағалау кезінде басшылық мынадай рұқсаттарды пайдаланды: (а) процентсіз қаржылық міндеттемелер мен проценттік мөлшерлемесі тиянақталған міндеттемелер үшін қаржылық міндеттемелер нарықтық мөлшерлемеге барынша жақындатылған тиімді проценттік мөлшерлеме бойынша дисконтталды; (б) мөлшерлемесі құбылмалы қаржылық міндеттемелер үшін қаржылық міндеттемелердің әділ құнының, ақшаның уақытша құнының тиімділігі болмашы ғана болғандықтан, негізінде баланстық құннан айырмашылығы жоқ.

Басшылық Топтың TNEH-US пен TNEH-UK акцияларына салған 66,004 миллион теңге мөлшеріндегі инвестицияларының әділ құнын жеткілікті сенімділік дәрежесінде бағалай алмайды. Инвестициялар теңгерімде сатып алу құны бойынша көрсетілген. Кәсіпорындар өз қызметтері туралы соңғы қаржылық ақпаратты жариялаған жоқ, олардың акциялары биржада белгіленбейді және жалпыға белгілі көздерде бұл акциялармен жасалған жақын уақыттағы сауда мәмілелерінің бағасы туралы ақпарат жоқ.

## 33. Негізгі еншілес кәсіпорындар

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есеп мына еншілес кәсіпорындарды қамтиды:

| | | Иелі үлесі | |
|---|---|---|---|
| | Қызмет түрі | 2016 ж. 30 маусым | 2015 ж. 31 желтоқсан |
| «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС | Электр энергиясы мен жылу энергиясын өндіру, тарату және сату, ауыз су, техникалық және дистиляцияланған су өндіру, теңіз суын қайта айдау және газ тасымалдау | 100% | 100% |
| «Қазатомөнеркәсіп-Даму» ЖШС | Әлеуметтік сипаттағы қызметтерді көрсету, жер қойнауын пайдаланатын аймақтарда әлеуметтік сала объектілерін салу мен пайдалануды ұйымдастыру | 90% | 90% |
| «Байланыс -НАК» ЖШС | Байланыс қызметін көрсету | 100% | 100% |
| «Қорған Қазатомөнеркәсіп» ЖШС | Күзет қызметін көрсету | 100% | 100% |
| «Аппак» ЖШС | Уран кенін барлау, өндіру және алдын-ала өңдеу | 65% | 65% |
| «Үлбі металлургия зауыты» АҚ | Уранды материалды өндіру және қайта өңдеу, сирек металды және жартылай өткізгіш материалдарды өндіру | 90% | 90% |
| «Волковгеология» АҚ | Геологиялық барлау және уран кенорындарын зерттеу, бұрғылау жұмыстарын жүргізу, радиоактивтік деңгей, экологиялық жағдай мониторингі | 90% | 90% |
| «Жоғары технологиялар институты» ЖШС | Ғылыми-зерттеу, сынақ және жобалау-конструкторлық, инжинирингілік, кеңес беру қызметтерін көрсету | 100% | 100% |
| «Кызылту» ЖШС | Уранды молибден-мысты барлау, өндіру және өңдеу | 76% | 76% |
| «СП «SARECO» ЖШС | Кенді байыту, сирек металдардың концентратының гидрометаллургиялық өндірісі, сирек металдардың металдың жеке оксидіне ыдырауы бойынша химиялық өндіріс | 51% | 51% |
| «МК «KazSilicon» ЖШС | Металлургиялық және поликристаллдық кремнийді өндіру және сату, кремнийлік өндірістің қалдықтарын ұқсату | 100% | 100% |
| «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС | Күн сапасындағы кремнийді, кремнийлік пластиналарды және фотоэлектрикалық пластиналарды өндіру | 100% | 100% |
| «Astana Solar» ЖШС | Күн сапасындағы кремнийді, кремнийлік пластиналарды және фотоэлектрикалық пластиналарды (ұяшықтар) өндіру, соның негізінде фотоэлектрикалық модульдер мен электрикалық жүйелерді өндіру | 100% | 100% |
| «СП «КТ Редкометальная компания» ЖШС | Сирек және сирекжер металдар кен орындарын барлауға арналған техникалық-экономикалық негіздемелерді орындау | 51% | 51% |
| «Орталық» ЕК» ЖШС | Уранның химиялық концентратқа дейін ұқсату, өндіру қызметін және таудағы дайындық жұмыстары бойынша қызмет көрсету | 100% | 100% |
| «Реммонтажсервис» ЖШС | Геотехнологиялық полигондарын белдеулеу, жөндеу-механикалық жұмыстар, стандартқа жатпайтын жабдықтар мен қосалқы бөлшектер жасау, жоспарлы-алдын ала жұмыстарды орындау | 100% | 100% |
| «6-кен басқармасы» ЖШС | Уранды кенді барлау, өндіру және алдын-ала өңдеу | 100% | 100% |
| «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС | Кешенді материалдық-техникалық қамтамасыз ету және көлік-экспедициялық қызмет көрсету | 99.9998% | 99.9998% |
| «Құтқарушы-Тау- кен» ЖШС | Өрттен сақтау қызметі | 100% | 100% |
| «Геотехносервис» ЖШС | Таукен жұмыстарының жоспарын жасау, жобалардың тау-кен бөлімін әзірлеу, геофизикалық зерттеулер кешенін жүргізу | 100% | 100% |
| «Казатомпром-SaUran -U» ЖШС | Уранды кенді барлау, өндіру және алдын-ала өңдеу | 100% | 100% |
| «Экоэнергомаш» ЖШС | Баламалы энергия көздері негізінде автономды объектілерді қамту комплексті энергожүйелерінде вертикалды-осьті жел-энергетикалық станцияларын өндіру | - | 100% |
| «Қазақстан ядролық университеті» ЖШС | Оқу бағдарламаларын, семинарлар, курстар мен тренингтарды ұйымдастырып, жүргізу қызметін көрсету | - | 100% |
| «ТГХП» ЖШС | Уранды кенді барлау, өндіру және алдын-ала өңдеу | - | 100% |
| «Степное РУ» ЖШС | Уранды кенді барлау, өндіру және алдын-ала өңдеу | - | 100% |

2016 жылы «Экоэнергомаш» ЖШС мен «Қазақстан ядролық университеті» ЖШС «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-не, «ТГХП» ЖШС мен «Степное РУ» ЖШС «Казатомпром-SaUran -U» ЖШС-не қосылды.